

**"Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 327 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 желтоқсандағы № 1000 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 327 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2019 ж., № 16, 153-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

"

4	"Мемлекеттің кепілдігімен "Азия Даму Банкі (АДБ) қарыз қаражат есебінен "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ның алдын ала тұрғын үй қарыздарын беруі" (Тұрғын үйді қаржыландырудағы гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу жөніндегі жоба)"	38000000 мың теңге	2019 - 2030	38000000 мың теңге	" Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы	Азия Даму Банкі
---	---	--------------------------	-------------------	--------------------------	--	-----------------------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин